

УДК 39.398.3

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОНГОЛ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН
НАНЫМ СЕНІМДЕРІ ТУРАЛЫ**

Ахметова Инкар Берикбаевна

inkarakhmetjanova@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, түркітану кафедрасының бірінші курс докторанты, , Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Шалдарбекова А.Б.

Бір территорияны ұзақ уақыт бойы бөлісіп келген бұл екі ұлттың өмір сүру стилі мен әдет ғұрыптары ұқсас. Бұл жұмыстың мақсаты түп тамыры бір халықтардың мәдениетін зерттей отырып, қазіргі таңда осы ұқсастықтарды жарыққа шығара отырып

қоғамымызға жеткізу. Бірбірлерін жақынырақ біліп, мәдени бір байланыс орнатуға және ортақ мәдениетімізді сақтап қалуға итермелеу. Әрине бұл тақырыпта зерттеулер жоқ емес, бар, бірақ қаншалықты жеткілікті? 1998 жылы Қазақстанда «Қазақстан – Монғолия: өткені, бүгіні, келері» тақырыбында конференция өткізілген, және тек 2014 жылы, 16 жыл өткен соң қайтадан өткізілген екен. Қазақ және Монғол халықтары, көптеген ортақ жақтарымызға қарамастан, бірбірімізді мүлдем бөтен көреміз. Көрші болғанымызбен бір біріміз жайында өте аз білеміз. Мектеп қабырғасында өз дәстүріміз жайлы оқымыз бірақ ортақ мәдениеттер жайлы оқымаймыз.

Шекарамыз көп жылдар бұрын бөлініп кеткеніне қарамастан, ортақ дәстүрлеріміз жалғасын табуға. Бір тіл семьясына жататын бұл шалғай диалект тілдері баяғыда бөлініп кеткен. проф. дкр. Бәзілхан Бұхатұлы жүргізген зерттеулерге сәйкес, 60-65 мың сөзді салыстыру нәтижесінде қазақ және моңғол тілдеріндегі 3000-ға жуық сөздің түбірі ұқсас болса, оның 1500-ге жуығы бірдей сөздер екені белгілі болды.¹

Ежелден моңғол халқымен іргелес өмір сүргеніміздің мысалы ретінде қазіргі Моңғолия шекарасында орналасқан түрік халқының аса маңызды тарихи мұрасы Орхон ескерткіштерін айтуға болады. Күл Тегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері біздің алғашқы тарихымыз, олар VII ғасырдағы түрік атауы кездесетін, түрік рунасымен жазылған ең ірі туынды. Күл Тегін ескерткішінің солтүстік-шығыс бетінде мынадай жазу бар:

‘Kül Tig(i)n: koon yilka: yiti y(e)g(i)rm(i)ke: uçd: Tok(u)z(u)nç (a)y: y(e)ti ot(u)zka: yog: (e)rtürt(ü)m(i)z: B(a)rkin: b(e)d(i)zin: bit(i)g t(a)ş[ın]: biçin: yilka yit(i)nç (a)y: yiti ot(u)zka: koop (a)lkd[(i)m](i)z: Kül Tig(i)n ö[zi?] kırk: (a)rtuk[ı y]iti: y(a)şı[na]: t(a)ş [b(a)rk: itgüçig] bunça: b(e)d(i)zçig: Tuyg(u)n: (e)lt(e)b(e)r: k(e)lü[r]ti:

‘Күл Тегін қой жылының он жетінші күні дүниеден өтті. Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жоқтау рәсімін аяқтадық. Біз оның қабірін, оның суреттерін, мүсіндерін (және) оның жазу тастарын, мешін жылы, жетінші айда (жылы), жиырма жеті (күнә) аяқтадық. Күл тегіннің өзі қырық жеті жасында (?) еді. Тұрғыт Елтебер тас (кесене шеберлері), сонша суретші (және) мүсіншілер әкелді».[6, б. 13]

Бұл жазуды тандауымның себебі сол жердегі кездесетін жылдың атаулары. Біз білетіндей, түрік-моңғол күнтізбесі он екі жыл сайын қайталаанады және әр жыл әртүрлі жануарды білдіреді. Оны қазақтар жыл қайыру (jil qayırw), моңғол тілінде он хоёр жил (arvan hoior jil) деп атайды. Осы он екі жылда неге «түйе» жылы жоқ, ең бастысы, қазақта да, моңғол аңыздарында да, ертегілерінде де осы сұраққа жауап бар. Қазақ-моңғол мифологиясында күнтізбедегі әрбір жануар түйенің дене мүшелері әртүрлі болады деген аңыз бар. Расында, түйенің құлағы тышқандікі сияқты, тұяғы сиырдікі, төсі тотықүстікі, аузы қояндікі, мойны жыландікі, басы жылқынікі, бүйірлері қойдікі, жамбасы маймылдікі, төбесі тауықтікі, аяқтары иттікі, құйрығы шошқанікі сияқты. Бұл түйе он екі жылдық күнтізбеден қалыспайды деген сөз, керісінше он екі жылдық күнтізбе түйеден тұрады деп айта аламыз. [6, б. 13-14]



Сурет 1

Жануарлар өміріміздің ең маңызды бөлігі болғандықтан, біздің аңыздар мен ертегілер негізінен жануарлар туралы. Мысалы, «Біз атқа қашан міндік?» деген сұраққа

ортақ миф бар. «Жылқы – адамдардың көлігі болмаған көне дәуір екен. Жылқының жайлауын бұғылар қиратыпты. Ат қанша қуғанмен, қуып жете алмапты. Ақыры ол адамға келіп, көмек сұрапты. Өлгі адам былай депті: «Мен жасаған тізгінге күшің жетсе, сенің кегінді мен аламын», – депті. Ат келісіп, адам аттың аузына тізгін, арқасына ертоқым салады. Осылайша жылқы ердің көлігі болып, адамдар киік аулайтын болыпты.[8, б. 45-46]

Қазақ-моңғол оюларында табиғат пен жануарлар да көп кездеседі. Қолданатын ұлттық ою өрнектерімізде қой, жылқының басы, қошқар мүйізі немесе күн мен гүлге ұқсас ою түрлері жиі кездеседі. Ою-өрнектер, моңғол тілінде хээ угалз (hee ugals) деп аталады.

2-суретте моңғол оюының үлгісі, ал 3-суретте қазақ оюы. Екеуі де күнді бейнелейді және әрқайсысы төрт қабаттан тұрады. Мұндай дөңгелек кестені қазақ тілінде шеңбер, моңғол тілінде дөңгелек хээ (дугуй хээ) деп атайды. Ортасынан бастап санайтын болсақ, моңғол оюының үшінші қабатында балға, қазақ оюының үшінші қабатында түйе табаны көрінеді.



Сурет 2




Сурет 3

4-сурет пен 6-суреттегі накышытың ортақтығы өте анық. Кең тараған ою түрлері; мүйіздер, гүлдер, жапырақтар, қыз және батыр силуэттері, ай мен күн.



Сурет 4



Сурет 5


Ою-өрнектер, таңбалар мен мөрлер сияқты археологиялық қалдықтардан зерттеушілер сол кезеңдегі халықтардың тұрмыс-тіршілігі туралы біле алады. Бұл кестелердің барлығы ұлттың айнасы болып табылады және белгілі бір халық туралы көп нәрсені аша алады.

Жылқы, түйе, сиыр және қой (ешкі) қазақтар бұл төрт үй жануарын **төрт түлік мал** деп атайды. Бұл жануарлар көшпелі халықтың өмірінің ең маңызды бөлігі болып табылады. Олар тамақ, сусын және көлік ретінде пайдаланатын осы төрт үй жануарларының әрқайсысын өздерінің аруағы бар деп есептеді. Табиғатпен жиі араласатын қазақтар мен моңғолдар бұл жануарлардың білегінен табылған ұсақ сүйекке үлкен мән береді. Бұл сүйек қазақ тілінде **асық**, моңғол тілінде **шагай** (шағай) деп аталады. Қазақ-моңғол халқы үшін асықтың орны мүлде бөлек. Асық туралы да әр түрлі нанымдар бар. «Алты жыл аш болсаң да асық етін мүжіме» деп балаларға асық етін

кеміруге тыйым салған. Сонымен қатар, олар қасқырдың асығын әрқашан өздерімен бірге алып жүретін болған, өйткені олар әртүрлі зұлымдықтан қорғайды деп сенген. Мұның мәдениетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге еніп кеткені сонша, әлі күнге дейін әр қазақ үйінде асық бар, басқа сүйектер сияқты асықты ешкім лақтырмайды. Олар әрқашан асықтарды жинап сақтап, балаларға ойнауға береді, тіпті әртүрлі түстерге бояйды. Бұл сүйектің үлкені сақа деп аталады.

Асықты көріпкелдер де пайдаланған. Олар Асықтың қалай түскеніне байланысты әртүрлі түсіндірмелер жасады. Ал қазақтар асықтың әр жағын төрт түлік малдың белгісі ретінде көрген. Бұл моңғолдарда айқынырақ көрінеді, өйткені асықтың әр жағы әртүрлі жануарлардың атымен аталған. 6-суретте көрініп тұрғандай, асық әр түрлі тәсілдермен орналастырылған, бұл әр түрлі түсу формалары келесідей аталады: монғ.: 1 **үхер (сиыр)**, 2 **хонхо**, 3 **бухе**, 4 **морин (жылқы)**, 5 **йоро**, 6 **темен (түйе)**, қаз.: 1 **алшы**, 2 **шіге (шік)**, 3 **бүге (бүк)**, 4 **тәйке**, 5 **омпы**, 6 **шоңқай** (6-сурет).

Асық тек наным сенімдерде ғана емес, ойындарда да қолданылады. Қазақтарда асық ойыны атанған бұл ойын моңғолдарда *шагай* ойыны деп аталады. Асықпен көптеген түрлі ойындар ойналады. Мысалы, қазақтарда осы сүйекпен ойналатын ойындардың атаулары: *үш табан; бүгін алу; көн (жоң); жарып алу; сытырмай; тұртпей; пыштырмай атан; бестас; мергендік; хан талапай; алты табан; асық қағу; қаршу; алшы; шұбырту; ұнай ұтысу; ат жарыстыру; қошқар соғыстыру; мұз ойнақ; йірмекіл; қақпақыл; сасыр; хан ойыны; аламан хан; асық табысу; бүк-шік; төрт шүкейт; шомшы; манай т.б.* Бірақ ойынның ең көп тараған түрі – көздеу ойыны. Қаз. **мерген**, монғ. **Мэргэн**. Бұл ойынды бірнеше адам немесе топ болып ойнайды. Алыстан тізілген асықтарды қағып түсіру арқылы ойналатын бұл ойынды балалар ғана емес, үлкендер де ойнайды. Жоғарыда айтып өткенімдей, асықтың кішкене ірісі сақа деп аталады, ал сақа тізіліп тұрған асықтарды қағып алу үшін қолданылады. Әр ойыншының өз сақасы болады, сақасына қорғасын құяды, оны ауырлатады (7-сурет). Құрылымы өте бай ұлттық ойындарымыз ойын-сауық үшін ғана емес, сонымен бірге оларды күшті, епті болуға үйретеді.



сурет 6



сурет 7

Орта ғасырларда Азия елдерінде зороастризм, шаманизм, буддизм сияқты әртүрлі діндер кең тарады. Шамандыққа сенген көшпелі халықтар әр заттың жаны бар деп есептеп, аспан құдайына сенген. Зороастризмде олар табиғаттың төрт элементіне: ауа, жер, су және отқа табынған. Олар өздеріне зиян тигізбеуді ойлады, жамандық жасаса да, аруақтардың қаһарына ұшырайды деп сенді, қорыққан. Қазақ-моңғол мәдениетінде осы көне наным-сенімдерден күнделікті өмір заңдылығына айналған әртүрлі тыйымдар бар. Қазақтар мен моңғолдардың өзіндік әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, тыйымдары әр түрлі. Олардың арасында көптеген ортақ тыйымдар да бар. Кейбіреулеріне мысал:

Қонақ келгенде қалаған жеріне отырмай, үй иесі көрсеткен жерге отыруға тиіс. Ол бос табақпен келмеуі керек, оның ішінде міндетті түрде тағам болуы керек. Үйге келген

қонаққа міндетті түрде ас беріледі, қонақ оны қабылдап жеуі керек, әйтпесе үй иесіне құрметсіздік болады.

Босағада тұруға, есік жақтарын керуге, босағада отыруға тыйым салынады.

Басқаларға ала көзбен қарау, көңіл-күйің болмаса ата-анаңа көрсету дәрекілік, сыйламаушылық болып есептеледі.

Қыздар немесе тұрмысқа шыққан әйелдер шашын жаюға, күйеуінің көзінше шашын тарауға болмайды.

Қазақ-моңғол үйіне үнсіз кіруге болмайды, үйге жақындағанда дыбыс шығару керек.

Егер (киіз) үйге кірген кезде қасыңызда кескіш құрал немесе қару болса, оны кірер алдында есіктің оң жағында қалдыру керек.

Үлкендердің сөзін бөлмеу керек. Бұл үлкенді сыйламау деген сөз.

Күл мен төгілген сүтті басуға; кескіш құралдарды сыйға тартуға; . ақты төгуге (сүт, айран, қымыз, т.б.); буаз немесе төлі бар малды союға; шөптер мен гүлдерді себепсіз жұлға; отқа, суға түкіруге; қолын алдына айқастырып ұстауға, төбесіне қоюға; жерді тепкілеуге; жануарларды ұруға; жылқының басын жүгенмен ұруға болмайды.[5, б. 536-541]

Мұндай табуларды тек тыйым деп санауға болмайды, олар ереже, тәртіп және ақыл-кеңес. Олар адамды адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, табиғат пен жан-жануарларға ізгі, адал болуға тәрбиелейтін әдет-ғұрыптар. Мақал-мәтелдерде жақсы, өнегелі, еңбекқор адамдар, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынастар және басқа да маңызды мәселелер бар. Мақал-мәтелдер – халықтың айнасы, ажырамас бөлігі. Ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған тәжірибесін көрсететін мақал-мәтелдерді зерттеушілер мен тіл мамандары әлі де зерттеп келеді.

Мақал-мәтелдер өздеріне жататын ұлттардың жалпы санасын көрсететін анонимді туындылар. Халықтың несіне жылап, не күлетінін, несіне ашуланып, несіне қуанатынын сол халықтың мақал-мәтелдеріне қарап-ақ аңғаруға болады.[1, б. 560-565]

Қазақ, моңғол тілдерінде жүздеген мақал-мәтелдер бар. Әрине, олардың арасында өте ұқсас, тіпті бірдей мақал-мәтелдер бар. [2, б. 10-50]

Моңғолшадағы *Agt aldval bar'j bold, Am aldval bar'j boldoggüi* ақалының тура аудармасы *атты шығарып жіберсең ұстай аласың, сөзді шығарып алсаң ұстай алмайсың*. Қазақ тілінде дәл осы мағынады мақал бар, *Айтылған сөз атылған оқпен тең*. Сөзге қатысты тағы бір мақал, *монғ. Mesiin şarh edgedeg, ügiin şarh edgedeggüi*, бұл мақалдың тура баламасы *кескін зат жарасы бітеді, сөз жарасы бітпейді*, Қазақ тілінде осы мағынаны беретін мынадай мақал бар, *таяқ еммен, сөз сүйектен өтеді*. Немесе *монғ. Muii hün idsen uuznaa yardag, sain hün yavsan üzsenee yardag*, қаз. *Ақымақ ішкен-жегенін айтады, ақылды көрген-білгенін айтады*.

Бала туралы мақал мәтелдер: *монғ. Ehiin setgel ürd, üriin sanaa uuland*. қаз. *Ананың ойы балада, баланың ойы далада*. Моңғолшасы мен қазақшасы бірдей. Тағы бір мақал; *монғ. Uгаа medehgüi hün, usaa hanihgüi mal*. қаз. *Жемі атасын білмеген жетеміз*.

Қаһармандық, батырлық туралы мақал мәтелдер: *монғ. Zorigtoi hün neg ühdeg, zoriggüi hün myanga ühdeg*. қаз. *Ер бір пет өледі, қорқақ мың пет өледі*

Білім туралы мақал: *монғ. Garin hüçten gansig diileh, erdmüin hüçten myangig diileh*, қаз. *Білекті бірді, білімді мыңды жығады*. Моңғол және қазақ тілдерінде ортақ мақал-мәтелдер көп, мағынасы жақын мақал-мәтелдерден басқалары бірдей.

Екі халық егіз десек, артық айтқандық болмас, өткен тарихымыз ортақ екенін дәлелдейтін басқа да ортақ тұстар бар екені рас. Жорға - моңғолша жороо, қазақша жорға. Мерген екі тілде де *мерген*. Бүркіт; *монғ. бүргед*, қаз. *бүркіт*; Майға пісірілген нанды қазақтар бауырсақ дейді, моңғолдарда да осы нанның түрі бар, олар *боорцог* деп

айтады. Бұл атаулардың барлығын да көшпелі халық күнделікті өмірде қолданады. Моңғол қыста *малқай* кесе, қазақ *малақай* киеді. Мұның барлығы біздерге ортақ нәрсе.

Қазақ-моңғол мәдениетінде шешілмеген ортақ тұстар көп. Көріп отырғанымыздай, халықтар тек тілдік туыс қана емес, одан да маңыздысы, мәдени туыс бола алады. Тарихи мұрамыз ең басты байлығымыз болып саналады және біз осы байлықты қорғауымыз керек. Уақыт өткен сайын тіл де, мәдениет те, салт-дәстүр де өзгереді. Мәдени тамырымызды жоғалтпауға тырысып, көршілес халықтардың салт-дәстүрін танып, ортақ тұстарымызды табуға тырысуымыз керек. Мұндай зерттеулерді кеңірек жүргізу мәдени мұрамызға, халықаралық байланыстарымызға үлкен септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Başaran, Uğur, Atasözlerin Kalıpsallığı üzerine, Turkish Studies, Volume 8/9 Summer 2013, p. 757-770, Ankara-Turkey.
2. Gül, Bülent, Моғол Atasözleri; Türk Kültürünün Araştırma Enstitüsü Yayınları, Ankara 2010.
3. Thomsen V., Orhon Yazıtları Araştırmaları, çeviren Vedat Köken. TDK, Ankara, 2002.
4. Базылхан, Б., Монгольские Заимствования в Баян-Ульгейском Говоре Казахского Языка. Монголын Судлал. Уланбаатар, 1967.
5. Кручкин, Ю. Монголия. Энциклопедический справочник. Улан-Батор, 2002 г. стр. 536–541.
6. Тойшанұлы, Ақеділ, Түрік-Моңғол Мифологиясы, «Баспалар Үйі» АҚ Алматы 2009.
7. Төтенай, Базарбек, Қазақ Ұлттық Ойындары, Алматы, Балауса баспасы, 2013.
8. Церенсодном, Д., Монгол Ардын Домог Үлгер. Улаанбаатар, 1989.